

T.B.Kazbekov, A.S.Akhmetova

Industrial-innovative vector as the main landmark economic development of Kazakhstan

Provides a summary of the agrarian, industrial, paradigm (innovative) stages of economic development. Special attention is being given a particular innovation (paradigm) stage of development. It is concluded that industrial-innovative vector should be the basis of post-crisis development model of Kazakhstan. Discusses approaches to the analysis innovative development, speaker as a process, as well as «an innovative chain» It is emphasized that in the republic is a pressing challenge is to ensure that the impact of science, efficiency investments and embedding scientific scope of the system innovative development of the country. It is noted that, in accordance with the strategy «Kazakhstan-2050», the innovative ideas is the rate in the qualitative breakthrough of Kazakhstan roundtables developed countries of the world.

References

- 1 Maddison A. The World Economy. Vol. 2: Historical Statistics. HS-8: The World Economy 1–2001 AD. Paris, OECD, 2001.
- 2 Yasin E., Snegovaja M. *Economic Issues*, 2009, 9, p. 15–31.
- 3 Karenov R.S., Baimukhamedov M.F. Problems of formation and development of modern management (Book One): Monograph, Karaganda: Publ. center of Kazakh-Russian University, 2013, p. 432.
- 4 Karenov R.S. Priorities for the Strategy of Industrial and Innovation Development of Kazakhstan's mining industry, Astana KazUEFMT Publ., 2010, p. 539.
- 5 Muhanov D. Kazakhstan: a breakthrough in the innovation economy, Almaty: Kazakh Central Mission Association «Business Council of the Eurasian Economic Community», 2007, p. 272.
- 6 *Thought*, 2013, 1, p. 2–23.
- 7 Kuznetsov B.T., Kuznetsov A.B. Innovation Management: Textbook, Moscow: UNITY–DANA, 2009, 367 p.
- 8 Nikolaev A.B., Osmova M.N. *Bulletin of Moscow University: Series 6 «Economy»*, 2010, 5, p. 3–14.
- 9 Bekbasova A.Z. *AlPari*, 2010, 1, p. 45–51.
- 10 Bishimbayev V. *Kazakhstan Pravda*, 2013, 30, November, p. 9.

ӘОЖ 331.56 (574)

Г.Б.Мамраева¹, А.А.Нұрғалиева², Т.М.Мұхтарова²

¹Қарағанды «Болашақ» маңызды білім беру колледжі;

²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: aium_nurgalieva@mail.ru)

Еліміздегі жұмыссыздық мәселесін шешудің түрлі жолдары

Мақалада еліміздегі жұмыссыздық мәселесін шешудің түрлі жолдары қарастырылған. Соңғы жылдардағы жұмысбастылық деңгейінің жоғарылауы және жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі тұрақты экономикалық өсудің нәтижесі болып отырғаны атап көрсетілді. Сондай-ақ жұмыспен қамту орталықтарындағы ресми тіркелген жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі де жан-жақты талқыланды. Соның ішіндегі жұмыссыздықты төмендету, яғни, жұмысбастылықты көтеру мақсатындағы халықты жұмыспен қамту саясаты толық талданған. Соңғы жылдардағы ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейінің төмендеу ерекшеліктері де нақты көрсетілген. Әсіресе жастар жұмыссыздығының өзекті де, шешімін табуы қажет ететін басты мәселенің бірі екендігі баса айтылды. Жалпы, қазіргі таңда еліміздегі жұмыссыздықты төмендетуге бағытталған әр түрлі бағдарламалар мен стратегиялардың жүзеге асырылуы бағыттары айқын да жүйелі талданып көрсетілді.

Кілт сөздер: жұмыссыздық, Халықаралық еңбек ұйымы, жұмыспен қамту, экономика, жасырын жұмыссыздық, макроэкономика, дағдарыс, кәсіпкерлік, халық шаруашылығы, жекеменшік.

Тәуелсіз жас мемлекетіміздің аз ғана уақыт ішінде қол жеткізген жетістіктері, бағындырған белестері мақтан тұтарлықтай. Жеткен жетістіктерімізге Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауынан мәлімет келтіріп өтуге болады:

- жаңа құрамдағы Парламент және жаңарған Үкімет өз жұмысына кірісті;
- 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы ел экономикасы 7,5 пайызға өсті;
- ішкі жалпы өнім жан басына шаққанда 11 мың доллардан асты;
- бұрын сатылып кеткен активтердің бірқатар маңызды бөлігі мемлекет меншігіне қайтарылып алынды;
- барлық акциялардың пакеті Қазақстанға оралып, оларға өзіміз басшылық ететін нәтижеге де қол жеткіздік және т.б. [1].

Мұның өзі еліміздің алға қарай біраз қадам жасағанын көрсетеді. «2013 жылғы қаңтарда жұмыссыздар саны, бағалау бойынша, 488,1 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі 5,4 % құрады. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жұмыспен қамту органдарында 2013 жылғы қаңтар айының соңына 47,9 мың адам («Жұмыспен қамту бағдарламасы – 2020» қатысатындар құрамына енгізілген тұлғалардың есебінсіз) ресми тіркелген. Тіркелген жұмыссыздар үлесі экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 0,5 %-ын құрады (2012 ж. қаңтар —, 0,5 %).

2013 жылғы қаңтардағы бағалау бойынша, жасырын жұмыссыздық деңгейі экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың 0,4 %-ын құрады.

Статистика агенттігінің мәліметіне қарағанда, республика экономикасында 2013 жылғы қаңтарда (бағалау бойынша) 8,5 млн адам жұмыспен қамтылды. Өткен жылғы сәйкес кезеңге қарағанда олардың саны 57,0 мың адамға, яғни 0,7 %-ға көбейді. Жалдамалы қызметкерлердің саны аталған кезеңде 5,8 млн адамды (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 68,8 %) қамтиды.

Бүгінгі әлемдегі экономикалық және шаруашылық қатынастардың күннен күнге дамуы барысында жұмыссыздық мәселесі назардан тыс қалған емес. Жұмыссыздық, макроэкономикалық теория тұрғысынан, негізгі макроэкономикалық мәселелердің бірі болып саналады. Себебі экономикалық өсуге жұмыссыздықтың тигізер әсері айтарлықтай деңгейде.

Жұмыссыздық зардабын бәсеңдететін факторлардың қатарына ғылыми-техникалық өрлеу, жаңа қосымша жұмыс күшін қажет ететін өндіріс саласындағы еңбек етуге қабілеті бар тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету жатады. Жалпы, ғылыми-техникалық революция жағдайында жұмыспен қамтуды тұрақты түрде өсіру, негізінен, өндірістік емес салалардың дамуы арқылы жүзеге асырылады. Оның ұлғаюы, тұрғындардың әр түрлі қызмет түрлеріне деген шығынының тез өсуімен және халық шаруашылығының орташа көрсеткішіне қарағандағы жоғары еңбек ауқымдылығымен сипатталады.

Дүние жүзіндегі маңызды мәселелердің бірі — жұмыссыздық деңгейін төмендету және жұмыссыздарды жұмысқа тұрғызу. 2013 жылдың 2 тоқсанында жұмыссыздық деңгейі көрші Ресей мемлекетінде 5,3 % құраса, Еуроаймақта жоғарғы мөлшерде 12 % құрады. Ең қиын жағдай, Грек және Испан мемлекеттерінде жұмыссыздық деңгейі 2013 жылдың маусымына 26 пайыздан жоғары мөлшерді құрады, ең төменгі көрсеткіш 5 % мөлшерінде Австрия және Германия мемлекеттерінде тіркелген. Жапония мемлекетіндегі жұмыссыздық деңгейі 3,8 % төмендеген. АҚШ-та жұмыссыздық деңгейі 2012 жылғы 7,8 % 2013 жылдың маусымына 7,4 % төмендеген.

Қазақстандағы 2013 жылдың 2 тоқсанында жұмыссыздық деңгейі 5,2 %, немесе 469,2 мың жұмыссыздарды, құраған, олардың 258,8 мыңы, яғни 55,2 %, әйелдер. 2013 жылдың 1 маусымына 182,6 мың жұмыссыздар жұмыспен қамту орталықтарына ресми түрде өтініш білдірген, олардың 89,6 мыңы ауылдық жерлерден екені белгілі.


Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес, кәсіпорынның жабылуы, штаттың қысқартылуы немесе келісімшарттың мерзімінің бітуі себептерімен 102,8 мың адам жұмыстан босатылған, ол барлық жұмыссыздар санына шаққанда 22,5 % құрайды. Аймақтар арасында бұл көрсеткіш Оңтүстік Қазақстан облысында — 23,2 мың адам, немесе республика бойынша көрсеткішке шаққанда 23 %, Ақмола және Ақтөбе облыстарында — 10,3, немесе 10 %, құрайды. Өз еріктерімен жұмыстан босатылғандар саны 108,7 мың адам, немесе барлық жұмыссыздар санына шаққанда 23 % көрсеткен. Бұл көрсеткіш Павлодар облысында 14,3 мың адам, немесе облыс бойынша жұмыссыздар санына шаққанда 13,2 %, Қостанай облысында — 13,0 мың, немесе 11,9 %, құраған.

Жұмыссыздықтың ұзақ мерзімге созылуы айтарлықтай кері әсерін тигізуде. Өйткені ұзақ мерзімде жұмыс таппаған жұмыссыздар жұмыс іздеуден бас тартады және олар жұмыс күші ретінде саналмайтын да болады. Макродеңгейдегі созылмалы жұмыссыздық билеп алған халықтың үлесі көп

болса, соғұрлым оның орта және ұзақ мерзімдегі экономикаға тигізер залалы да артады. АҚШ-та бұл көрсеткіш барлық жұмыссыздар санының 29 % шамасында, ол 2007 жылы 10 % құраған.

Қазақстандағы 1–3 жыл аралығындағы жұмыс іздеуші жұмыссыздар саны 60,8 мың адамды, оның барлық жұмыссыздар санына шаққандағы үлесі 13,3 пайызды құрайды. Олардың көбі ауылдық жердің тұрғындарынан 34,9 мың адамды құраған және оның ішінде 19,6 мыңы, яғни, 17,8 пайызы әйелдер [6].

Жұмыссыздар (табысты жұмысы болмаған, оны белсенді іздеп және оған кірісуге дайын 15 және одан жоғары жастағы тұлғалар) саны 2013 жылғы 2 тоқсанда 17,4 мың адамды құраса, өткен жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 1 мың адамға кеміді. Қазірде жұмыссыздық деңгейі 5,0 % болып қалыптасты (2012 жылғы 2 тоқсанда 5,2 %) (1-сур).



1-сурет. 2012–2013 жылдардағы жұмыссыздық деңгейі, %

2013 жылғы III-тоқсанда жұмыссыз ерлердің үлесі 44,7 % (209,3 мың адамды), әйелдердің үлесі 55,3 % (259,0 мың адамды) құрады (1-кесте).

1 - кесте

2013 жылғы III-тоқсандағы жынысы және жасы бойынша жұмыссыз халық

	Барлығы		Оның ішінде			
	адам	жұмыссыздық деңгейі, %	еркектер		әйелдер	
			адам	жұмыссыздық деңгейі, %	адам	жұмыссыздық деңгейі, %
Жұмыссыздар, барлығы	468,3	5,2	209,3	4,5	259,0	5,8
Олардың жастары:						
15–24	44,9	3,9	22,7	3,6	22,2	4,2
25–34	209,5	7,2	99,4	6,6	110,1	7,8
35–44	92,9	4,5	37,6	3,7	55,3	5,3
45–54	84,4	4,1	33,2	3,3	51,2	4,9
55–64	36,6	4,4	16,4	3,7	20,2	5,1

2013 жылғы III-тоқсанда жұмыссыздардың жалпы санындағы 15–24 жастағы жастардың үлесі 9,6 %, немесе 44,9 мың адамды, 15–28 жастағы жастардың үлесі 32,9 %, немесе 154,0 мың адамды, құрады. 15–24 жастағы жастар жұмыссыздығының деңгейі 3,9 % (2012 жылғы III-тоқсанда — 3,8 %), 15–28 жастағылардікі — 5,4 % (2012 жылғы III тоқсанда — 5,2 %) болды.

Соңғы жылдары ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі байқалады. Алайда ұзақ уақыт бойы жұмыс іздеп жүрген жұмыссыз адамдардың үлесі әлі де едәуір. Биылғы жылы 229,4 % мыңнан аса адамның жұмысы болмады. Бұл олардың жалпы санының 37,3 % құрады. Бір және одан

ұзақ уақыт бойы жұмыс іздеп жүрген жұмыссыздар ішінде әйелдер басымдық танытады, 67 %-ға ие. Ұзақ мерзімді жұмыссыздық ерлерде — 3,1 %-ке, әйелдерде 5,6 %-ке жетті.

Жұмыссыздық, соның ішінде жастар жұмыссыздығы, қай елдің болмасын өзекті, шешімін табуы қажет ететін мәселесі болып табылады. Бұл — біздің елде де орын алып отырған басты мәселе. Қазақстандағы жастар арасындағы жұмыссыздық елдегі жалпы жұмыссыздық деңгейі бойынша жоғары көрсеткіште болып отыр. Экономикалық дағдарыс кезеңінде жастар, көбінесе, халықтың осал тобына қосылады. Расында, экономикалық өсім құлдыраған кезде жастар дағдарыстың әсерін алғашқылардың бірі болып сезеді. Сонымен бірге экономикалық қиын кезеңдерде жалпы жұртшылыққа қарағанда, әсіресе жастардың жұмысқа орналасуы оңайға соқпайды. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі жалпы жұмыссыздық деңгейінің жартысына жуығын құрауда.

Бұл тек біздің елдегі ғана өзекті мәселе емес. Халықаралық еңбек ұйымы әлемдегі жастар арасындағы жұмыссыздық «дағдарыс деңгейіне» жетті дейді. Ұйымның баяндамасында әлемдегі жастардың 13 % жуығы жұмыссыз екені айтылған. Ал қазақстандықтар елдегі жұмыссыздық туралы әр түрлі пікірлерін айтты.

Женевада (Швейцария) орналасқан Халықаралық еңбек ұйымының мәліметі бойынша, әлемде 15 пен 24 жас аралығындағы азаматтардың 13 %, шамамен 75 млн адам, жұмыссыз қалған. Көптеген білікті жастар жарты жалақыға немесе қара жұмыс істеуге мәжбүр болып отыр. Ұйымның айтуынша, «әлемде 6 миллионнан астам азамат жұмыс табудан үмітін үзген». Халықаралық еңбек ұйымы әлем елдерінің үкіметтерін жұмыс орнын ашу мәселесін «ең басты мақсат» деп қарастыруға шақырды. «Дағдарыс деңгейіне жеткен жастар арасындағы жұмыссыздық проблемасы жұмыс орнын ашу мен шешім шығару процесіндегі басты мақсатқа айналып, жекеменшік секторындағы инвестиция айтарлықтай дамыса ғана, бұл мәселе шешілуі мүмкін» деп мәлімдеген еді Халықаралық еңбек ұйымы.

Қазіргі кезде еліміздегі жастардың жұмыссыздығы мәселесі біртіндеп шешіліп жатыр. Солардың бірі — жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін қолданылып жатқан шаралар және бұл шаралардың жүзеге асырылуы:

1. Қазақстан Республикасындағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы аясында нақты шаралар мен міндеттер орындалуы керек. Жастардың құқығы қорғалуы керек.

2. Жекеменшік секторын қаржыландыру қажет.

3. Жастар кәсіпкерлігін қолдау тиіс.

4. Жалпы кәсіпкерлік секторды инвестициялау қажет.

5. 2020 жылға дейінгі жастар саясатының тұжырымдамасы, келешек ұрпақтың белсенді өмір сүріп, ел ішіндегі әрбір істен тыс қалмауына жағдай жасайды. Ал, 2020 жылға дейінгі мемлекеттік жастар саясатын дамыту тұжырымдамасы жұмыссыздықты азайтуға бағытталады.

6. Қазіргі жастарды қолдауға арналған бағдарламалардың барлығы жастардың тұрмысын түзеу үшін қолға алынып отырғаны шындық. Бүгінде жастар саясаты саласында әлеуметтік маңызы бар 76 жоба жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде «Ауыл жастары», «Дипломмен — ауылға!», «Жастар – кадрлық резерві», «Жастар — Отанға» және «Жастар тәжірибесі», «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы сияқты жақсы-жақсы жобалар бар.


7. ҚазАқпараттың хабарлауынша, жастар арасындағы жұмыссыздықтың ғаламдық деңгейі 12,7 %-ды құрауда, яғни дүние жүзіндегі жұмыссыз жастар саны 4 млн адамға артқан. Біздің елдегі жағдай әлдеқайда жақсы, 2012 жылдың 4-тоқсанындағы жұмыссыздық деңгейі — 5,4 %-ды, жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,9 %-ды құраған.

8. Жастарды еңбекпен қамтуға «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасында ерекше көңіл бөлінеді. Бағдарламаның шамамен 60 %-на қатысушылары — бұл жастар. Жастар саясатын дамытудың жаңа тұжырымдамасы алдымызға белгілі тапсырмалар қояды, олар келешекте орындалатын болады», — деп атап көрсетті Еңбек министрлігінің басшысы.

9. Айта кететін жайт, жастардың еңбек етуге құлшынысын жоғалтпау керек, ол жұмыс істеуге белсенді кірісіп, өзіне-өзі жұмыс іздеп, белсенділік таныту керек, жалқаулыққа бой алдырмауы тиіс.

Жастар арасындағы (15–28 жас) жұмыссыздық дүние жүзі елдерінде қобалжулық туғызып отыр. Жастар арасындағы жұмысқа тұру — 15-тен 24 жас аралығында күрделі мәселенің бірі, өйткені бұлар оқу орындарын бітіретін жастағылар болып табылады. 2013 жылы жастар арасындағы жұмыссыздық көршілес Ресейде 14,8 % құрады, ал Еуроодақ елдерінде 23,5 % болды. 2008 жылдан бері жастар

арасында жұмыссыздық саны төмендеген жалғыз мемлекет, ол — Германия — 7,9%. Португалия мен Италияда бұл көрсеткіш 37% тақайды, ал Грек және Испан елдерінде ол 55% асады (2-сур.).



* ҚР Статистика агенттігінің және Еуростат деректері.

2-сурет. 2013 жылдың желтоқсан айындағы дүние жүзі елдеріндегі жастардың жұмыссыздық деңгейі

Қазақстан Республикасында есеп беру кезеңінің аяғында тіркелген жастар арасындағы жұмыссыздық, жұмыспен қамту органдарында тіркелген барлық жұмыссыздар санына шаққандағы үлесінің өзгеруі (Астана мен Алматы қалалары, аймақтық жұмыспен қамту басқармаларының мәліметтеріне сәйкес).

2 - к е с т е

**Жастар арасындағы (15–28 жас аралығында) жұмыссыздық деңгейі
(Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің мәліметтеріне сәйкес)**

Регион	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Қазақстан Республикасы	16,1	14,4	12,4	12,1	11,5	11,1	9,6	8,2	8,5	6,6	6,3	5,4	5,9
Ақмола облысы	16,2	16,9	12,4	13,6	13,7	12,2	8,7	9,2	9,2	5,7	5,3	5,7	4,9
Ақтөбе облысы	17,5	13,4	13,5	10,5	11,4	10,7	8,9	8,9	7,5	4,9	5,3	5,5	3,2
Алматы облысы	14,5	13,6	13,1	9,8	10,8	11,9	7,3	8,2	9,2	4,5	3,9	3,7	7,2
Атырау облысы	20,7	17,6	16,5	15,0	14,0	11,5	9,1	7,3	7,0	8,1	5,5	3,5	3,8
БҚО	25,5	18,5	14,8	15,3	15,4	12,9	9,8	8,7	8,3	6,6	5,3	6,1	5,1
Жамбыл облысы	18,3	17,0	13,7	15,4	12,5	11,8	8,4	6,4	10,6	4,9	6,3	7,5	7,3
Қарағанды облысы	17,1	14,0	11,0	12,2	9,3	8,8	9,0	8,9	9,4	7,7	6,5	4,8	4,5
Қызылорда облысы	24,6	20,9	18,8	19,3	11,6	10,4	11,5	7,7	7,7	7,6	6,8	6,1	7,1
Маңғыстау облысы	17,2	13,8	15,5	14,5	14,7	13,1	13,7	7,5	8,0	8,4	7,6	4,8	7,5
ОҚО	15,4	11,4	9,6	9,4	10,3	9,6	9,6	7,5	8,3	6,6	6,3	5,3	3,5

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Павлодар облысы	12,4	12,7	10,7	10,6	9,6	8,8	7,2	7,3	7,6	6,7	7,0	4,9	7,6
СКО	15,7	17,1	14,4	12,2	12,4	11,6	9,8	7,4	7,2	7,5	7,0	6,0	8,6
ШКО	11,6	10,5	10,4	8,5	10,4	10,2	8,4	8,8	8,2	6,7	7,3	6,0	8,3
Астана қаласы	11,0	10,2	9,3	10,8	5,9	9,6	9,6	6,3	7,0	6,0	7,7	6,6	4,4
Алматы қаласы	14,5	14,5	12,8	16,7	16,5	15,4	15,7	8,2	10,0	8,5	6,9	5,2	8,4
	Жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі												
	Жұмыссыздық деңгейінің өсуі												

Қазақстанда 2013 жылдың 2-тоқсанында 15–28 жастағы экономикалық белсенді жастардың барлық саны 2407,5 мың адамды құрады, яғни бұл — республика бойынша барлық экономикалық белсенді халық санына шаққанда 26,6 %. Мемлекет экономикасында жұмыс істейтіндер 2266,6 мың адам, немесе 26,4 %, олардың ішінде басым көпшілігі жалдамалы жұмысшылар — 67,7 %, немесе 1534,6 мың адам, өзін-өзі жұмыспен қамтушылар — 732 мың адам, немесе 32,3 %, жұмыс істемейтін жастар — 140,9 мың адам, немесе барлық жастар санына шаққанда 6,2 % (2-кесте).

Жұмыспен қамту органдарының мәліметтеріне сәйкес, 2013 жылдың 2-тоқсанының аяғындағы тіркелген жастар жұмыссыздығы 20,5 мың адамды құрады [6].

Ендігі кезекте еліміздегі жұмыссыздық деңгейіне келетін болсақ, Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі соңғы жылдардағы жұмыссыздық деңгейі 3-кестеде көрсетілген.

3 - кесте

2006–2013 жылдар арасындағы Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша жұмыссыздық деңгейі

Регион	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Қазақстан Республикасы	8,8	8,4	8,1	7,8	7,3	6,6	6,0	5,3
Ақмола	9,2	9,2	8,9	8,6	8,0	7,1	6,5	5,2
Ақтөбе	9,7	9,4	9,2	8,5	7,4	6,4	2,7	5
Алматы	8,6	7,8	7,3	7,1	6,7	6,4	8,0	5
Атырау	9,5	9,3	9,1	8,4	7,4	6,3	2,9	5,1
Шығыс Қазақстан	7,3	7,2	7,1	6,9	6,6	6,4	7,7	5,2
Жамбыл	11,1	10,2	9,8	9,2	7,7	6,5	6	5,3
Батыс Қазақстан	9,3	9,2	9	8,6	7,8	7,1	6,9	5,2
Қарағанды	7,5	7,4	7	6,9	6,7	6,2	7	5
Қостанай	8,7	8,5	8,2	7,8	7,5	6,9	5,4	5,2
Қызылорда	11,4	10,2	9,7	9,3	8,2	6,9	6,5	5,2
Маңғыстау	9,7	9,8	9,7	9,3	8,5	6,9	6,5	5,6
Павлодар	8,2	7,7	7,6	7,4	6,9	6,4	7,6	5,1
Солтүстік Қазақстан	8,0	8,1	7,9	7,2	6,9	6,3	6,8	5,3
Оңтүстік Қазақстан	8,6	7,8	7,5	7,2	6,9	6,6	2,5	5,5

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Астана қаласы	8,4	8,3	8,2	8	7,6	6,6	10	5,6
Алматы қаласы	8,9	8,8	8,4	8,2	7,8	7,4	7,9	5,7

Жоғарыдағы кестеде Қазақстанның 14 облысы және Алматы мен Астана қалалары бойынша 2006 және 2013 жылдар аралығындағы мәліметтер берілген. Бұл мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасы бойынша жұмыссыздық деңгейі 2006 жылы 8,8 % тең болса, 2013 жылы 5,3 % дейін төмендегенін көреміз. Соның ішінде Елордамыз — Астанада жұмыссыздық деңгейі 2006 жылдағы 8,4 пайызға қарағанда 2012 жылы 10 % дейін көтеріліп, 2013 жылы 5,6 % күрт төмендеген. Кестеде көрсетілгендей, 2006 жылы ең төмен жұмыссыздық деңгейі Шығыс Қазақстан облысында болса, 2013 жылғы деректер бойынша, Ақтөбе, Алматы, Қарағанды облыстарында. Ал жұмыссыздықтың ең жоғарғы деңгейі 2006 жылы Қызылордада болса, 2013 жылы Алматы қаласында байқалған.

Қазақстан Республикасының «Жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес жұмыс беруші кәсіпорын халықты жұмыспен қамтуға белсенді қатысуы керек. Заң бойынша жұмыс берушілер мемлекеттік жұмыспен қамту саясатын іске асыруға мүдделі:

- жұмыссыздарға жұмысқа орналасуға жәрдем көрсету;
- қызметкерлерді кәсіби даярлау және оларды оқыту жүйесін дамыту;
- қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізуге жәрдемдесу;
- қызметкерлерді сақтандыру және тағы сол сияқты әрекеттер жүргізу.

Ал, мемлекет азаматтардың жұмыспен нәтижелі әрі еркін таңдау арқылы қалыптасуына жәрдемдесу саясатының жүргізілуін қамтамасыз етеді. Осыған орай, мемлекет жұмыссыздықтағы әлеуметтік қорғаудың мынадай түрлерін атап көрсетеді:

- жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;
- жұмыссыздар үшін кәсіби даярлау, біліктілікті арттыру, қайта даярлау және қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;
- қоғамдық жұмыстарда істейтін жұмыссыздар еңбегіне ақы төлеу;
- табысы аз азаматтарға жататын жұмыссыздарға атаулы әлеуметтік көмек көрсету;
- Қазақстан республикасында жұмыссыздыққа қарсы әлеуметтік саясатты жетілдіру үшін 2011–2020 жылдарға арналған жұмыспен қамту бағдарламасы қабылданды;
- бұл бағдарламаның негізгі бағыттары экономика салаларында жаңа жұмыс орындарын құру болып табылады;
- жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс теңгерімділігі жөніндегі шаралар жүргізу;
- халықты әлеуметтік қолдауға мұқтаж нысаналы топтардың жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру;
- қосымша жұмыс орындарын құратын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту;
- жұмыспен қамтудың өңірлік мәселелерін шешуде жергілікті атқарушы органдардың рөлі жөніндегі шаралар қабылдау;
- білім беру ұйымдарының түлектерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және т.б. [5].

Халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған кедейлікті азайту іс-шаралары және жұмыспен қамтылған халық санын көбейтуге жасалып жатқан мемлекеттің оң саясатына қарамастан, кейбір мәселелер әлі де алаңдату туғызуда. Елдегі жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі Қазақстан үшін экономикалық өсуге өз септігін тигізуде, оның үстіне, одан әрі жұмыссыздық деңгейін төмендету, яғни, жұмысбастылықты көтеру мақсатында, халықты жұмыспен қамту саясаты жүзеге асырылуда. Оның жарқын дәлелі — «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасын орындау аясында 2016 жылға қарай 1,5 млн адамды жұмыспен қамту қарастырылуда [3].

«Біздің басты мақсатымыз — әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтарымыздың байқуаттылығы. Бұл — қоғамдағы тұрақтылықтың ең жақсы кепілі. Нағыз пәрменді әлеуметтік саясат — ол халықты жұмыспен тұрлаулы қамту саясаты» делінген Президент Жолдауында. Ендеше, мемлекеттің қоғамның шын мәніндегі көмекке зәру мүшелерін қолдау жөніндегі жауапкершілікті өз мойнына аларына сенім мол.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. — 2012. — № 828–831. — 15 желт. — 1–8-б.
- 2 Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010–2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наур. № 958 Жарлығы.
- 3 Қазақстан Республикасының «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы. — 2011. — 31 наур.
- 4 «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ веб-сайты // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.damu/kz
- 5 Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайты // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.enbek.gov.kz
- 6 Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.stat.gov.kz-2013

Г.Б.Мамраева, А.А.Нурғалиева, Т.М.Мухтарова

К вопросам решения проблем безработицы в стране

В статье рассмотрены проблемы безработицы в стране и пути их решения. Отмечены снижение уровня безработицы и рост обеспеченности рабочими местами, что является результатом экономической стабильности в обществе. Проанализированы показатели уровня безработицы за последние годы в разрезе регионов. Авторами подробно рассмотрена политика государства в области трудоустройства и обеспечения рабочими местами, обозначены особенности снижения уровня безработицы. Авторами особо подчеркнуты проблемы безработицы среди молодежи и важность их решения. Проанализированы в статье и действующие государственные программы, направленные на снижение уровня безработицы в стране.

G.B.Mamrayeva, A.A.Nurgaliyeva, T.M.Mukhtarova

To the problem of unemployment in our country

The problem of unemployment in our country and the ways of its solving are discussed in this article. The decrease of the level of unemployment and the raise of supplying people with work are noted here, which are the result of economical stability in the society. The author analyzed the points of the unemployment's level for the last three years. The government policies in the supplying work, the peculiarities of decreasing the level of unemployment are also examined. The author also paid attention to the problem of unemployment among the youth and the importance of its solving. The state programs directed to the decreasing the level of unemployment in the country are regarded and examined here.

References

- 1 Nazarbayev N.A. *Strategy «Kazakhstan – 2050» Missive to the Nation called new political direction in the generated state*, Egemen Kazakhstan, 828–831, 2012, December 15, p. 1–8.
- 2 *State program for 2010–2014 years for dynamic industrial innovative development of Republic Kazakhstan*, Accepted by the decree № 958 of the president of Kazakhstan on the 2010, 19 march.
- 3 *«Employment program – 2020» of Kazakhstan*, accepted on 2011, 31 March.
- 4 *«Development» Entrepreneurship Development Fund» Corporation website* // [ER]. Access mode: www.damu/kz
- 5 *Official site of the Social protection of the population and labor ministry* // [ER]. Access mode: www.enbek.gov.kz
- 6 *Official site of the statistics agency of Republic Kazakhstan* // [ER]. Access mode: www.stat.gov.kz-2013